

ЖУНИСОВА ГУЛЬНАР ЕРИКҚЫЗЫ

6D050800 «Есеп және аудит» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына

АҢДАТПА

ТАҚЫРЫБЫ: «СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУ ЕСЕБІ МЕН ТАЛДАУ ҰЙЫМНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ»

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазіргі жағдайда әртүрлі салалардағы ұйымдардың тұрақты дамуы бәсекеге қабілеттіліктің қажетті деңгейін тұрақты түрде қамтамасыз етуді көздейді. Қазақстан бәсекеге қабілетті экономиканы дамыту бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Бұл туралы экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуде реформаларды құру және оларды тереңдету жөнінде белгілі бір тізбектілікпен жүзеге асырылып отырған шаралар қуәландырады. ҚР Бірінші Президенті, Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясының негізгі мақсаты ретінде біздің мемлекетіміздің әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарына кіруі қажет екендігін атап өткендігі белгілі. Ол «Дамушы елдер арасында бұл клубтағы орын үшін бәсекелестік қатал болады. Күн астындағы орын тек мықтыларға ғана кепілдік беретінін айқын сезіне отырып Ұлт жаһандық экономикалық бәсекелестік күреске дайын болуы керек» деп атап өткен. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін тұтастай алғанда экономиканың, сондай-ақ жекелеген ұйымдардың бәсекелестік артықшылықтарын анықтау және арттыру қажет.

Қатал бәсекелестік күрес ұйымдарға менеджмент жүйесінің тиімділігін арттыруға және бәсекелестер алдында бизнестің тұрақты артықшылығына қол жеткізуге бағытталған жалпы даму стратегиясын әзірлеуге мәжбүр етеді. Қабылданатын және іске асырылатын стратегиялық басқару шешімдерінің тиімділік деңгейі бірінші кезекте ұйым менеджменті алатын ақпараттардың сапасымен айқындалады. Қабылданатын басқарушылық шешімдердің негізгі, маңызды ақпарат көздері қаржылық және басқару есебі мәліметтері болып табылатыны белгілі.

Қаржылық есеп сыртқы пайдаланушыларға ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметтері туралы ақпараттарды береді, заңнамамен реттеледі, дегенмен оның стратегиялық шешімдер қабылдау үрдісін қамтамасыз ету үшін қажетті икемділіктері жоқ. Сондай-ақ басқару есебі де стратегиялық менеджменттің ақпараттарға деген қажеттіліктерді тиісті түрде қанағаттандыра алмайды, өйткені ол ішкі факторларға бағдарланған және уақыттың үлкен кезеңін қамтымайды.

Осылайша, өз қызметтерін ұзақ мерзімді бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастыруға бағыттаған ұйымдар стратегиялық бағдарланған есеп-талдау жүйесіне мұқтаж. Осы себепті тиісті ұғымдық

аппаратты әзірлеу және отандық бизнестің қажеттіліктеріне жауап беретін стратегиялық басқару есебінің тұжырымдамасын қалыптастыру қажеттілігімен байланысты теория-әдіснамалық сипаттағы мәселелер өзекті болып табылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында оның қызметін жоспарлау, талдау және бақылау үрдістерін жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын стратегиялық басқару есебі жүйесінің теориялық және практикалық аспектілерінің жеткіліксіз әзірленуімен анықталады.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін СБЕ ұйымдастыру бойынша әдістемелік ережелер мен практикалық ұсыныстарды әзірлеу болып табылады.

Зерттеу мақсатына сәйкес диссертацияда келесідей өзара байланысты келесідей **міндеттері** қойылды және шешілді:

- қазіргі заманғы үрдістерге негізделіп отырып, ұйымның бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың, стратегиялық басқару есебінің теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеу және "Стратегиялық басқару есебі" ұғымына нақтыланған авторлық анықтама беру;

- стратегиялық басқару есебінің негізгі құралдарының жіктелімін ұсыну және оның ұйымның бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттырудағы орнын анықтау;

- стратегиялық сипаттағы шығындарды есепке алудың қолданыстағы тәжірибесін талдау және оның негізінде кондитерлік саладағы ұйымдардың басқару есебінде стратегиялық шығындардың көрсетілу әдістемесін жүйелеу;

- кондитерлік сала ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін неғұрлым тиімді анықтайтын стратегиялық басқару есебінің көрсеткіштері негізінде математикалық модель жасақтау;

- ұйымның бәсекеге қабілеттілігін стратегиялық басқару есебі және талдау құралдарымен қамтамасыз етудің динамикалық құрылымдық-логикалық моделін ұсыну.

Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында талдау және синтездеу, топтастыру, саралау, салыстырмалы, дерексіз-логикалық, статистикалық-экономикалық, баланстық, есептеу-конструктивтік, монографиялық, болжау және экономикалық-математикалық модельдеу әдістері қолданылды. Бюджетті құру үшін Microsoft Excel бағдарламасы қолданылды. Жиналған деректерді өңдеу және экономикалық-математикалық модельдерді құру үшін SPSS 23.0 статистикалық бағдарламасы қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы келесідей ғылыми нәтижелермен расталады:

- Отандық және шетелдік теориялық және тәжірибелік зерттеу жұмыстарын жалпылау негізінде, ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы әсерін сипаттайтын «Стратегиялық басқару есебі» ұғымына нақтыланған авторлық анықтама берілді;

- Стратегиялық басқару есебін кондитерлік саладағы ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда пайдаланылу қажеттілігі негізделіп,

стратегиялық басқару есебінің негізгі құралдарының жіктемесі берілді;

– Кондитерлік сала ұйымдарында басқару шешімдерін негіздеуге мүмкіндік беретін, стратегиялық шығындар есебін ұйымдастыру әдістемесі әзірленді және қолдануға ұсынылды;

– басқару есебінде ұйымның құнын бағалау әдістері негізінде кондитерлік саладағы ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігін кешенді бағалауға бағытталған математикалық модель құрастырылды;

– Стратегиялық басқару есебінің өзара байланысты және тәуелді құралдары арқылы кондитерлік саладағы ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық-логикалық моделі әзірленді.

Қорғауға ұсынылған диссертацияның негізгі тұжырымдамалары. Алынған зерттеу нәтижелері негізінде қорғауға келесі тұжырымдамалар шығарылады:

– стратегиялық басқару есебін ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралы ретінде өзгешелігін нақтылайтын «Стратегиялық басқару есебі» ұғымына авторлық анықтама;

– кондитерлік сала ұйымдарының бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыруына ықпалын тигізетін стратегиялық басқару есебі құралдарын пайдалану маңыздылығы анықталып, стратегиялық басқару есебінің құралдары жіктемесі;

– Кондитерлік сала ұйымдарындағы басқару шешімдерінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін стратегиялық шығындардың жіктемесі және олардың басқару есебіндегі ұйымдастырылу әдістемесі;

– SPSS 23.0 статистикалық пакеттік бағдарламасында ұйымның құнын бағалау әдістері негізінде жасақталған, ұйымның бәсекеге қабілеттілігін кешенді бағалауға ықпал ететін стратегиялық басқару есебінің математикалық моделі;

– ұйымның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру және арттыруға әсер ететін, жүргізілген зерттеудің нәтижесінде анықталған стратегиялық басқару есебі жүйесінің құралдарының өзара байланысы мен тәуелділігін сипаттайтын құрылымдық-логикалық моделі.

Зерттеу нәтижелерінің тәжірибелік маңыздылығы. Зерттеудің жаңалығы мен тұжырымдамалары, атап айтқанда ұсынылған шығындарды стратегиялық басқару есебінің әдістемесі ұйымдардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді және «Қазақстан-2050» Стратегиясының «Жаңа бағыттың экономикалық саясаты – пайда алу, инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым алу принципіне негізделген түгел қамтитын экономикалық прагматизм» атты бірінші басымдығын іске асыру кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Жұмыста ұсынылған ұйымның бәсекеге қабілеттілігін кешенді бағалау моделі Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын, атап айтқанда «Бәсекелестік және бәсекеге қабілетті бизнес» саясатын іске асыру кезінде пайдаланылуы мүмкін. Сондай-ақ осы модель «2020-2025 жылдарға арналған өңдеуші өнеркәсіптегі бәсекелік артықшылықтарды орнықты дамыту үшін жүйелі жағдайлар одан әрі жасау»

бағыты шеңберінде Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың нәтижелілігін арттыруға ықпал етеді.

Стратегиялық басқарушылық есепке алу жүйелерінің әзірленген құралдары «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының 2018-2022 жылдарға арналған «Экономика салаларын цифрландыру» 5.1-бөлімін іске асыруға ықпал етеді. Өйткені тамақ өнеркәсібі салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру тұтынушыға емес, сонымен бірге жаңа экономикалық құрылымға да байланысты және бұл жерде цифрландыру шығындарды оңтайландыру жолымен тиімді басқарушылық шешімдер қабылдауға негіз болатын стратегиялық басқарушылық есепке алу деректерінің барлық толықтығын пайдалануды көздейді.

Зерттеу нәтижелерін кәсіби бухгалтерлік ұйымдар стратегиялық басқару есебін жүргізу бойынша әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу кезінде қолдана алады. Сондай-ақ басқару есебі бойынша мамандарды оқыту, аттестаттау және біліктілігін арттыру және пәндерді оқыту үрдісінде «Басқару есебі 2», «Стратегиялық басқару есебі», «Стратегиялық талдау», «Стратегиялық есепке алу және талдау».

Диссертациялық зерттеудің ғылыми-теориялық ережелері Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Стратегиялық есеп және талдау» пәнінің оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу кезінде пайдаланылды.

Жұмыста ұсынылған кондитерлік саладағы ұйымдардың басқару есебінде стратегиялық шығындардың көрсетілу әдістемесі «Баян сұлу» АҚ-ның тәжірибесінде пайдалануға енгізілді.

Докторанттың әр жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы. Диссертацияда алынған нәтижелер 8 жұмыста, оның ішінде 4 – халықаралық шетелдік ғылыми конференциялар материалдарының жинағында, 1 – Scopus дерекқорына кіретін журналда, 3 – ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдарда жарияланды.

«Competitiveness as an economic category» мақаласында «Бәсекеге қабілеттілік» ұғымына экономикалық санат ретінде анықтама берілген және оның ерекшеліктері сипатталған. Докторант бұл мақаланы ғылыми жетекшінің жетекшілігімен жазды.

«Азық-түлік тауарларының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудегі қаржылық менеджменттің тиімділігі» мақаласы отандық ғылыми жетекшінің басшылығымен жазылған. Онда азық-түлік тауарларының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудегі қаржылық менеджменттің ерекшеліктері қарастырылған. Сонымен қатар, докторант белгісіздік жағдайында қаржылық менеджменттің маңыздылығын негіздеді.

«Сыртқы ортаның турбуленттілігі жағдайында Қазақстан экономикасын дағдарысқа қарсы басқару» халықаралық конференциясының материалдарында «Стратегиялық талдау кәсіпорынды басқаруда бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету құралы ретінде (фармкомпанияның мысалында)» тақырыбында мақала жарияланды. Докторанттың осы мақалаға

ҚР-ның фармкомпаниясына Стратегиялық талдау жүргізу арқылы үлес қосқан.

«Рентабельділікті анықтаудың қазіргі заманғы көрсеткіштері және оларды отандық тәжірибеде қолдану» мақаласында экономикалық басқарудың ұсынылған математикалық моделінің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылатын экономикалық қосылған құн көрсеткіші сипатталған. Мақаланы ғылыми жетекшінің жетекшілігімен докторант жазған.

«Стратегиялық басқарушылық есеп және ұйымды басқару шеңберіндегі оның объектілері және оның функционалдық мақсаты» мақаласы стратегиялық басқарушылық есептің объектілері мен функцияларын ашады. Жұмыс ғылыми жетекшінің басшылығымен орындалды.

«Стратегиялық басқару есебінің мәні мен маңызы» мақаласында стратегиялық және жедел басқару есебінің негізгі айырмашылықтары қарастырылады. Сондай-ақ, докторант мақалада «Стратегиялық басқару есебі» ұғымының авторлық анықтамасын берген.

«Экономикалық қосылған құн компанияның инвестициялық тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің факторы ретінде» мақаласында компанияның инвестициялық тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттілігін бағалауға байланысты мәселелер, атап айтқанда алкогольсіз сусындар секторындағы компания мысалында баяндалған. Бұл көрсеткіш стратегиялық басқару есебінің ұсынылған математикалық моделінің құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Инвестициялық тартымдылық пен бәсекеге қабілеттілік пен қосылған құнның тәуелділігі анықталды және расталды, сондай-ақ қосылған құнды талдау әдістерінің дәйектілігі нақтыланды және ұйымның нарықтағы ағымдағы жағдайы мен жағдайын көрсететін көрсеткіштер көрсетілді. Мақала отандық және шетелдік кеңесшілердің басшылығымен жазылған. Докторант мақаланың теориялық бөлігін жазды, сондай-ақ алкогольсіз сусындар секторындағы компания мысалында экономикалық қосылған құн мен рентабельділік көрсеткіштерін есептеді.

«Құс шаруашылығымен айналысатын қазақстандық компаниялардың экономикалық пайдасының бәсекеге қабілеттілігі мен талдауы» мақаласында қаржы талдауының көрсеткіштері негізінде, атап айтқанда, құс шаруашылығы компаниясының үлгісінде экономикалық қосылған құн негізінде бәсекеге қабілеттілікті бағалау мәселелері қаралған. Докторант бұл мақалада деректерді жинауға және құс шаруашылығы саласындағы компания мысалында көрсеткіштерге талдау жасауға жауапты болды.